

## Отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 24 маусым N 528. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.03.21. N 382 қаулысымен. ~P970382

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бала

туғанда берілетін бір жолғы жәрдемпұл, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемпұл, жалғызілікті аналарға мемлекеттік жәрдемпұл тағайындау және төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 2 наурыздағы N 177 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 9, 162-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 24 маусымдағы

N 528 қаулысымен

Бекітілген

Отбасыларына жәрдемақы тағайындау және

төлеу тәртібі туралы

Ереже

1. Жалпы қағидалар

1. Отбасыларына жәрдемақының түрлері:

бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы;

балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақы;

жалғызілікті аналарға;

7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар жұмыс

істемейтін аналарға;

мерзімді қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің балаларына жәрдемақы;

адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен ауырған балаларға жәрдемақы.

Жәрдемақының аталған түрлерінің әрқайсысы, осы Ережеде көзделген жәрдемақының басқа түрлерін алатындығына қарамастан, тағайындалып, төленеді.

2. Отбасыларына жәрдемақылардың мөлшері мен оларды қаржыландырудың көздері Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы Заңымен белгіленеді.

3. Отбасыларына жәрдемақы туған, асырап алған, сондай-ақ қамқорлыққа алған балаларға тағайындалып, төленеді.

4. Мемлекеттің қамсыздандыруына толық алынған, кәсіптік-техникалық училищелер мен арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне және жұмыс істейтін балаларға отбасылық жәрдемақы тағайындалмайды деп төленбейді.

Ата-аналық құқығынан айрылған ата-аналарға да отбасылық жәрдемақы тағайындалмайды әрі төленбейді.

## II. Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы

5. Бала туғанда отбасына біржолғы жәрдемақы тағайындалып, төленеді. Екі және одан да көп бала туғанда жәрдемақы әрбір балаға төленеді.

Бала өлі туған жағдайда жәрдемақы төленбейді.

## III. Балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақы

6. Балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақы отбасы алатын табысына қарай Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен тағайындалып, төленеді. Бұл ретте жәрдемақы балаларға басқа жәрдемақы, зейнетақы немесе алимент алынатындығына қарамастан тағайындалып, төленеді.

Балалары бар отбасыларына отбасындағы баланың еңбекке жарайтын әкесі жұмыс істемесе, оқымаса, әскери қызмет атқармаса және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмесе, бірыңғай жәрдемақы тағайындалмайды да төленбейді.

#### IV. Жалғызілікті аналарға жәрдемақы

7. Жалғызілікті (некеде тұрмаған) анаға баланы ұстау мен тәрбиелеу үшін, егер тууы туралы куәлікте баланың әкесі жөнінде жазу болмаса немесе оның әкесі туралы шешесінің айтуы бойынша белгіленген тәртіппен жазылса, жәрдемақы тағайындалып, төленеді.

Сондай-ақ балалары бар жесір әйелдер мен салт басты еркектерге, егер олар балалары үшін асыраушысынан айрылғаны жөнінде немесе әлеуметтік зейнетақы алмайтын болса, аталған жәрдемақы тағайындалып, төленеді.

8. Жалғызілікті аналардың балалары қамқоршыға немесе қорғаншыға тәрбиелеу үшін (шешесінің қайтыс болуына, оның науқастануына және басқа себептерге байланысты) белгіленген тәртіппен берілген жағдайда балаларға тиесілі жәрдемақы қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалып, төленеді.

Жалғызілікті ана балаларының қамқоршысына (қорғаншысына) балаларға асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы немесе әлеуметтік зейнетақы тағайындалғанына қарамастан, мемлекеттік жәрдемақы тағайындалып, төленеді.

9. Бұрын некеде болған әйелдерге - некесі бұзылғанға дейін немесе одан кейін, күйеуі қайтыс болған соң немесе ол мүлдем хабарсыз кетті деп танылғаннан кейін, басқа адамнан тапқан балаларына да, егер олардың тууы туралы куәлігінде баланың әкесі жөнінде шешесінің айтуы бойынша белгіленген тәртіппен жазылған болса, жалғызілікті аналар үшін белгіленген жәрдемақы тағайындалады.

10. Жалғызілікті ана некеге тұрғанда оған дейін басқа адамнан тапқан балаларына жәрдемақы алу құқы сақталады.

11. Анасы балаларына зейнетақы немесе алимент алатын болса, сондай-ақ әйел бала тапқан адам белгіленген тәртіппен баланың әкесі деп танылса немесе егер бала асырауға алынса, жалғызілікті аналар үшін белгіленген жәрдемақы тағайындалмайды және төленбейді.

12. Егер некеде тұрмаған әйел тууы туралы тіркеу кітабында асырап алған баланың анасы ретінде жазылса, онда оған жалғызілікті ана ретінде берілетін жәрдемақы жалпы негізде тағайындалады, бірақ ол анасы ретінде жазылған айдан ерте тағайындалмайды.

13. Тіркелген некеде тұрмаған және тұрмайтын, бірақ онымен

бірге тұрып, ортақ шаруашылықпен айналысатын және балаларды бірге тәрбиелесетін адамнан баласы бар әйелдің жалғызілікті аналарға берілетін жәрдемақыны алуға құқы бар. Бұл әйел балалы болған адаммен некеге тіркелсе де, одан туған балаға жәрдемақы тағайындалмайды да, төленбейді.

V. 7 Жасқа дейінгі төрт және одан да  
көп балалары бар жұмыс істемейтін көп балалы  
аналарға жәрдемақы

14. 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар жұмыс істемейтін көп балалы аналарға ай сайын ең аз жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

VI. Мерзімді қызмет атқарып жүрген әскери  
қызметшілердің балаларына жәрдемақы

15. Мерзімді қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің балаларына әрбір балаға ай сайын жәрдемақы тағайындалып, төленеді.

16. Балаға жәрдемақы әскери қызметші мерзімді міндетті әскери қызметін атқарып жүрген кезінде төленеді.

VII. Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған  
және СПИД-пен ауырған балаларға жәрдемақы

17. Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған немесе СПИД-пен ауырған 16 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау мен төлеу "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР-інің Заңына сәйкес 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға әлеуметтік зейнетақы тағайындау мен төлеу сияқты тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Аталған жәрдемақы бала жасынан мүгедек болған 16 жасқа дейінгі балалар үшін белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау органдары беретін медициналық қорытынды негізінде тағайындалады.

VIII. Отбасыларына жәрдемақы тағайындау  
жөнінде өтініш жасау

19. Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы және балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті баланың ата-анасының бірі (қамқоршы) жұмыс істейтін орнына, жұмыс істемейтіндер (соның ішінде ата анасы оқитын болса, әскери қызметте жүрсе) - ата-анасының тұрған жеріндегі халықты әлеуметтік қорғаудың аудандық (қалалық) бөліміне береді.

Отбасыларына жәрдемақының қалған түрлерін тағайындау туралы өтініш ата-анасының (қамқоршының) тұрған жеріндегі халықты

әлеуметтік қорғаудың аудандық (қалалық) бөліміне беріледі.

20. Жәрдемақы тағайындауға өтініш берген адам мынадай құжаттарды табыс етеді:

а) бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы үшін:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;

жәрдемақы алу үшін ЗАГС органдары берген баланың туғандығы туралы анықтама;

б) балалары бар отбасыларына берілетін бірыңғай жәрдемақы үшін:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш (өтініште сонымен бірге отбасының анықтамада келтірілген табысынан басқа табысы жоқ екендігі көрсетіледі);

баланың тууы туралы куәліктің көшірмесі;

отбасының құрамы туралы анықтама;

отбасы мүшелерінің табысы туралы анықтама;

в) жалғыздікті аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы үшін:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;

баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі;

баланың тууы туралы куәлігіне әкесі жөнінде мәліметтер енгізуді негіздеген ЗАГС органдарының анықтамасы;

отбасының құрамы туралы анықтама;

г) 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар жұмыс істемейтін көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы үшін:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;

балалардың тууы туралы куәліктердің көшірмелері;

отбасының құрамы туралы 18 жасқа дейінгі балалары көрсетілген анықтама;

көп балалы ананың еңбек кітапшасының көшірмі немесе оның

еш жерде жұмыс істемейтіндігін растайтын басқа құжат;

д) мерзімді қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақы үшін:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;

баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі;

баланың әкесі міндетті мерзімді әскери қызмет атқарып жүргендігі туралы қызметінің мерзімі көрсетілген аудандық әскери

комиссариатының анықтамасы;

отбасының құрамы туралы анықтама;

ж) адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен ауырған балаларға жәрдемақы алу үшін:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;

баланың тууы туралы куәліктің көшірмесі;

отбасының құрамы туралы анықтама;

денсаулық сақтау органдары берген медициналық қорытынды.

Балалардың қамқоршысына (қорғаншысына) жәрдемақы тағайындау туралы өтінішке қамқоршы (қорғаншы) тағайындау туралы халық депутаттарының аудандық, қалалық, поселкелік немесе селолық Кеңесінің тиісті органының шешімінен көшірім қоса тіркеледі.

21. Жәрдемақы тағайындауға арналған қажетті құжаттар түпнұсқа түрінде де, белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірме түрінде де түсірілуі мүмкін.

## IX. Жәрдемақыларды тағайындау

22. Жұмыс істейтін адамдарға отбасылық жәрдемақыны балаларға жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссия тағайындайды, ол жұмыс берушінің өкілінен (комиссияның төрағасы), бас (аға) бухгалтерден және кәсіподақ комитетінің өкілінен құралады.

Жалғыздікті аналарға, 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар жұмыс істемейтін аналарға, мерзімді қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің балаларына, адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен ауырған балаларға, сондай-ақ бала туғанда біржолғы және жұмыс істемейтін адамдарға (соның ішінде ата-аналары оқитындарға, әскери қызметте жүргендерге) ай сайынғы жәрдемақыларды халық депутаттарының аудандық (қалалық) Кеңестері құрған балаларға жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссиялар тағайындайды.

Комиссия оның атынан комиссия мүшесіне халықты әлеуметтік жағынан қорғаудың аудандық (қалалық) бөлімінің меңгерушісіне отбасылық жәрдемақыны өз тарапынан тағайындауға өкілеттік беруге қақылы. Алайда барлық жағдайда жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш берген адамның және басқа мүдделі адамдар мен ұйымдардың талап етуі бойынша отбасылық жәрдем-ақы тағайындау туралы мәселені комиссия шешеді.

23. Жәрдемақы тағайындау жөнінде барлық қажетті құжаттары бар өтініш ол түскеннен кейін 10 күн мерзім ішінде тиісті комиссияда қаралады.

24. Жәрдемақы тағайындау қабыл алынбаған жағдайда балаларға жәрдемақы

тағайындау жөніндегі тиісті комиссия тиісті шешім шығарылғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей қабыл алынбаудың себебін және шағым берудің тәртібін айтып өтініш берушіге хабарлайды әрі барлық құжаттарын қайтарып береді.

Комиссияның шешіміне шағымды аудандық (қалалық) халық сотына беруге б о л а д ы .

25. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш пен қоса ұсынылған барлық құжаттар, сондай-ақ балаларға жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссияның жәрдемақы тағайындау туралы шешімі бар хаттамасы немесе оның көшірімі жәрдемақы алушының жеке ісінде сақталады.

26. Бала туғандағы біржолғы жәрдемақы ол туралы өтініш бала туғаннан кейін кем дегенде 12 айдан кешіктірмей жасалғанда тағайындалады. Отбасылық жәрдемақылардың қалған түрлері өтініш жәрдемақы алуға құқылы болған күннен 12 айдан кешіктірмей жасалғанда тағайындалады. Жәрдемақы алуға 12 айдан соң өтініш жасалғанда жәрдемақы өткен уақытқа тағайындалып, төленеді, бірақ ол жәрдемақы тағайындау туралы барлық қажетті құжаттары бар өтінішті табыс еткен айға дейінгі 12 айдан артық болмауға тиіс.

27. Бала туғаннан кейін одан бала тапқан адамнан ажырасқан жалғызділікті анаға жәрдемақы тағайындау туралы барлық қажетті құжаттары бар өтініш берілген айдан бастап мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

#### Х. Отбасылық жәрдемақыларды төлеу

28. Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы мен баласы бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақыны жұмыс істемейтін ата-анасына (қамқоршыға) оның жұмыс орнындағы жұмыс беруші төлейді. Жәрдемақы айдың екінші жартысының жалақысымен бір мезгілде өткен айға төленеді.

Халық депутаттарының аудандық (қалалық) Кеңестері жанындағы жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссиялар тағайындаған отбасылық жәрдемақыларды қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен халықты әлеуметтік қорғау органдары төлейді.

29. Жәрдемақы алатын адам басқа жұмысқа ауысқан жағдайда бұрынғы жұмыс орны бойынша жәрдемақы төлеу тоқтатылады және бұрынғы жұмыс орнында төлем тоқтатылған уақыттан бастап жаңа жұмыс орны бойынша қайта төлене б а с т а й д ы .

Қызметкері басқа жұмысқа ауысып кеткен жұмыс беруші (жәрдемақы алушының өтініші бойынша) жәрдемақы төленген соңғы айы көрсетілген жәрдемақы алу жөніндегі іс-қағазды жаңа жұмыс орнына жібереді.

Жаңа жұмыс орны жәрдемақы алу жөніндегі іс-қағазын, алғаннан кейін балаларға жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссияның рұқсаты бойынша жәрдемақы төлеуді жалғастырады.

Ата-анасының бірі жұмысты тастап кеткен жағдайда жәрдемақы алу жөніндегі іс-қағазын жұмыс беруші (өтініш бойынша) екінші ата-анасының жұмыс орнына жібереді, ал ол болмаған жағдайда - халықты әлеуметтік қорғау бөліміне жібереді, сөйтіп жәрдемақы тағайындау жөніндегі тиісті комиссияның рұқсаты бойынша жәрдемақы төлеу жалғастырылады.

30. Тағайындалып, мезгілінде талап етілмеген отбасылық жәрдемақының сомасы өткен уақытқа төленеді, бірақ ол жәрдемақы алуға өтініш жасалған уақыттан бұрынғы үш жылға ғана төленеді.

Жәрдемақы тағайындап, төлейтін органның кінәсынан мезгілінде алынбаған жәрдемақының сомасы қандай да болсын мерзіммен шектелмей өткен уақыт ү ш і н т ө л е н е д і .

Аталған жағдайларда жәрдемақының сомасы бір мезгілде төленеді.

31. Жәрдемақы төлеуді тоқтататын немесе қайта бастайтын жағдайлар туындағанда (баланы асырап алу, әкесін анықтау, баланың қайтыс болуы, 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар ананы жұмысқа орналастыру, жалғызділікті ананың одан балалары бар адаммен некеге тіркелуі және т.с.с.) жәрдемақы төлеу тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады немесе қайта төлене бастайды.

32. Жәрдемақы алушылар жәрдемақы төлеуге ықпал ететін барлық өзгерістер туралы тиісті комиссияларға немесе әлеуметтік қамсыздандыру органдарына х а б а р л а п о т ы р у ғ а м і н д е т т і .

Баланың әкесі анықталып, оның туу туралы куәлігіне әкесі жайында мәліметтер актілік жазбаға енгізілген жағдайда ЗАГС органдары баланың шешесі тұрған жердегі халықты әлеуметтік қорғау органына баланың тууы туралы актілік жазбасына өзгеріс енгізілгенін хабарлайды.

33. Жәрдемақы алушының сұғанақтығы салдарынан (мәселен, көріне теріс мәліметтер келтірілген құжаттар түсіру, жәрдемақы төлеуге ықпалы бар жағдайларды жасыруы арқасында) артық төленген отбасылық жәрдемақының сомасы тиісті комиссияның шешімі бойынша әрбір жәрдемақы төлеуге есептелетін соманың 20 процентінен аспайтын мөлшерде өндіріліп алынады.

34. 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар жұмыс істемейтін аналарға, жалғызділікті аналарға, мерзімді қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің балаларына, адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен ауырған балаларға жәрдемақылар (балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақыдан басқасы) өндірістік емес салаларға арналған қазіргі аудандық коэффициентті қолдану арқылы тағайындалып, төленеді.

35. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда отбасылық жәрдемақылар төлеу жөнінде есеп жүргізудің және есеп берудің тәртібі туралы нұсқауларды Қазақстан Республикасының Еңбек



министрлігімен бірлесе отырып, Қаржы министрлігі, Статистика және талдау  
жөніндегі мемлекеттік комитет бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК